# Құттықтаймыз!



Осы күндері Кереку төрінде, облыс орталығының тұрғындары Қамзиндер отбасында 50 жыл бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп, дүниеге Айнұр есімді қыз, Ерлан, Серік, Нұржан есімді ұш ұл бала әкеліп, олардан жеті немере иіскеп, жапырағы жайылған жанұяның бірі - асқар таудай **Аманжол** ағамыз бен ардақты **Ляйля** жеңгеміз Алтын тойларын тойлап жатыр.

«Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген сөз бар халқымызда. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, бүгінде өркен жайған алып бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, арқасүйері болып отырған жансыздар. Әулетіміздің ұйытқысы, балаларының ата-анасы, немерелерінің сүйікті ата-әжесі, құда-жекжаттарымен сыйластығы зор, бізге берер тәрбиесі мен өнегесі мол жансыздар! Сіздерге осы мерейлі сәтте дендеріңізге саулық, бастарыңызға амандық, шаңырағыңызға шаттық тілейміз! Ұзақ болып жастарың, қызығын көріп ұрпақтың, ашық болсын аспаның.

Балалар қуаныш, немерелер жұбаныш әкелсін.

Алла Сіздерді бүгінгі бақытыңыздан айырмасын, ауырмай ортамызда жарқырап, жол сілтеген шам болып, әулеттің тұтқасы болып жүре беріңіздер! Қабыл ғып Алла тілекті, өткенге иман, тіріге береке берсін.

*Алтын таққа лайықты асыл жандар,*
*Ұл-қызына ақыл боп шашылғандар.*
*Жетінті Алтын тойдай асыл тойға,*
*Шаңыраққа ақ таң боп ашылғандар.*
*Алдағы өмір тек бақытын сыйласын,*
*Ұл-қыздарың шаттық гүлін сыйласын.*
*Өнегелі ата-әже боп, үйлерің*
*Немере мен шөбереге сыймасын.*

Игі тілекпен, **әулеттегі барлық бауырларыңыз.**

(476)


ШОМЫЛУ МАУСЫМЫ

# Екі жасөспірім құтқарылды

**Өткен аптада суға батқан екі жасөспірім құтқарылды. Оқиғаның бірі Екібастұз қаласында, екіншісі Баянауыл ауданында орын алды.**

Облыстық жедел жәрдем станциясы баспасөз қызметінің мәліметінше, 7 шілдеде Екібастұз маңындағы Солнечный кентінен қоңырау түскен. 12 жастағы бала Шондықсор көлінде шомылып, суға батып кете жаздаған. Абырой болғанда, құтқарылып, Екібастұз қалалық ауруханасына жатқызылды.

- Өкінішке қарай, көбі тыйым салынған жерлерде шомылады, су айдынында демалу кезінде ішімдік ішеді және балаларын қараусыз қалдырады. Облыс тұрғындарынан судың жанында қарапайым ережелерді сақтауды сұраймыз, - дейді облыстық жедел жәрдем станциясы басшысының орынбасары Ирина Мищенко.

Дәл осы күні жедел жәрдем қызметіне Баянауыл ауданынан шақырту түскен. Жасыбай көлінде құтқарушылар суға батып кете жаздаған 17 жасар жасөспірімге алғашқы көмек көрсеткен. Ол аудандық ауруханаға жеткізілді.

11-сынып оқушысы жағажайда ата-анасымен бірге болған. Кезекшілікте жүрген құтқарушылар батып бара жатқан адамды көрген. Демалушылар да көмектесуге тырысқан. Оқиға мемлекеттік ұлттық табиғи парк аумағында, «Жасыбай» демалыс аймағында болған.

Мамандар тұрғындардан суда шомылу кезінде қауіпсіздік ережесін қатаң сақтауды сұрайды.

**А.АСҚАРҚЫЗЫ.**


## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Copper Exploration Group (Copper Exploreishn Group)» ЖШС Павлодар облысында орналасқан **2023 жылғы 28 қыркүйектегі** №2159-EL лицензиясы бойынша Жаңажол учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар: **2024 жылғы 23 тамыз сағат 11.00-де** «Баянауыл ауданы Жаңажол ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Жаңажол ауылдық округі, Жаңажол ауылы (Мәшһүр Жүсіп ауылы), Айтпахин көшесі, 1-ғимарат мекенжайы бойынша өтеді.

Қатысушыларды тіркеу жеке куәліктермен қоғамдық тыңдаулар басталғанға дейін 1 сағат бұрын жүргізіледі (өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болуы).

Шектеу шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom қосымшасы арқылы онлайн режимінде өткізіледі.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме:

https://us04web.zoom.us/j/71237461504?pwd=JpieodhKJNDKK8dDBPbf9HGAR8gxxU.1

Конференция ID: 712 3746 1504.

Кіру коды: 5jm4Vh.

Барлық мүдделі тұлғалар қатысуға шақырылады.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Copper Exploration Group (Copper Exploreishn Group)» ЖШС, Алматы қ., пошта индексі 050059, Бостандық ауданы Әл-Фараби даңғылы, 5-үй, тұрғын емес үй-жай 22а, БСН 220940009249, бас директор - Н.Талкенова, байланыс телефоны: **8-701-555-5795,** e-mail: **n.talkenova@gmail.com.**

Әзірлеуші: «Industrial Research» ЖШС, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 5, 504-п., БСН 150740026602, өкіл - Куденко В.С., байланыстар: тел. **87057086573,** e-mail: **v.kudenko@yertai.kz.**

Жергілікті атқарушы орган - «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы».

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда және қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратпен танысуға болады: **https://ecoportal.kz/** және **https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=ru** «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Жобаға қатысты қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: **v.kudenko@yertai.kz** және тел. **87057086573.**

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5Б; электрондық мекенжайға: **unosvr@mail.ru** және **8 (718) 2-32-16-81** телефоны бойынша.

(20128)



## ХАБАРЛАНДЫРУ

«NOVUS TRADE (НОВУС ТРЕЙД)» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес **2024 жылғы 22 тамыз сағ. 16.00-де,** Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Торайғыр ауылдық округі, Торайғыр ауылы, Шоң би көш., 1-ғимарат мекенжайында, Жер қойнауы учаскесінің қатты пайдалы қазбаларын барлау жоспарына ЫҚТИМАЛ ӘСЕРЛЕР ТУРАЛЫ ЕСЕПТІ: 2 блок - М-43-31-(10е-5г-23,24), (Борлы кен орны) жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс түрінде өткізілетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында **(https://ecoportal.kz),** сондай-ақ **//www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/press/article/1?lang=ru** сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдауларды өткізу күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 17, 307-каб. мекенжайы бойынша, эл.мекенжай **temirgalina.aliya@pavlodar.gov.kz,** тел. **32-16-81,** «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ-де қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

Zoom конференциясына қосылу

https://us06web.zoom.us/j/6834666500?pwd=akMhIyOVuWvyKhetg255bvmpiwx17H.1

Конференция идентификаторы: 683 466 6500.

Қолжеткізу коды: 6iPK3E.

Қосымша ақпаратты келесі электрондық мекенжайлар мен телефондар арқылы алуға болады:

- Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы: «NOVUS TRADE (NOVUS TRADE)» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 52 А, тел. **8 (707) 189 36 37.**

- Әзірлеуші: «ЦентрГеоКонсалтинг» ЖШС, Семей қ., Степной ауылы 133, ш. 1 (Семей қ., Байсейітова к-сі, 149, хат алмасу үшін) тел. **8 707 189 36 37,** электрондық пошта: **king7997@mail.ru.**

Учаскенің координаттары: 1-нүкте - 51°01'00" С 75° 27'00" Ш; 2-нүкте - 51°01'00"С

75°29'00"Ш; 3-нүкте - 51°00'00"С 75°29'00"Ш; 4 нүкте - 51°00'00"С 75°27'00"Ш.

(20126)



«Павлодар Водоканал» ЖШС (Павлодар қ., Мұқағали Мақатаев көшесі, 35) **2024 жылғы 31 шілдеде сағат 15.00-де** тұтынушылар және басқа мүдделі тұлғалар алдында қоғамдық тыңдаулар форматында 2024 жылдың I жарты жылдығында сумен қамту және су бұру қызметін ұсыну бойынша тарифтік сметаның және инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есеп беретіндігі туралы хабарлайды.

Өткізу орны: Торайғыров көшесі, 1.

Өткізілетін қоғамдық тыңдауларға қатысуға қызметті тұтынушылар және басқа мүдделі тұлғаларды шақырамыз.

(20125)



## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Copper Exploration Group (Copper Exploreishn Group)» ЖШС Павлодар облысында орналасқан **2023 жылғы 13 желтоқсандағы** №2311-EL лицензиясы бойынша Көкдомбақ учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар: **2024 жылғы 23 тамыз күні сағат 15:00-де** «Баянауыл ауданы Сәтбаев ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Сәтбаев ауылдық округі, Қараши ауылы (С.Қ.Сәтбаев), Рахымжан көшесі, 5-ғимарат мекенжайы бойынша өтеді.

Қатысушыларды тіркеу жеке куәліктермен қоғамдық тыңдаулар басталғанға дейін 1 сағат бұрын жүргізіледі (өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болуы).

Шектеу шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom қосымшасы арқылы онлайн режимінде өткізіледі.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме: https://us04web.zoom.us/j/77925497439?pwd=nCCabab27tt3Ad4R13X26na62m3FOT.1

Конференция ID: 779 2549 7439

Кіру коды: iD61fG..

Барлық мүдделі тұлғалар қатысуға шақырылады.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Copper Exploration Group (Copper Exploreishn Group)» ЖШС, Алматы қ., пошта индексі 050059, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 5-үй, тұрғын емес үй-жай 22а, БСН 220940009249, бас директор - Н.Талкенова, байланыс телефоны: **8-701-555-5795,** e-mail: **n.talkenova@gmail.com.**

Әзірлеуші: «Industrial Research» ЖШС, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 5, 504-п., БСН 150740026602, өкіл - Куденко В.С., байланыстар: тел. **87057086573,** e-mail: **v.kudenko@yertai.kz.**

Жергілікті атқарушы орган - «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы».

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда және қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратпен танысуға болады: **https://ecoportal.kz/** және **https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=ru** «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Жобаға қатысты қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: **v.kudenko@yertai.kz** және тел. **87057086573.**

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5Б; электрондық мекенжайға: **unosvr@mail.ru** және **8 (718) 2-32-16-81** телефоны бойынша.

(20128)



**ЖАРНАМА**

**66-15-40, 66-15-42**



SARYARQA SAMALY

МЕНШІК ИЕСІ:

**«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі** (Павлодар қаласы)
**«Ертіс Медиа» ЖШС,**
**«Saryarqa samaly» облыстық газеті**

Газетке Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді басылымды, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы 29.12.2023 ж. №KZ17VPY00084792 куәлігі берілген.



**Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпыұлттық сыйлығымен, 2022 жылы «URKER» ұлттық журналистика сыйлығымен марапатталды.**

**ЖШС директоры**
**Руслан БИЛЯЛОВ**

**Бас редактор**
**Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ**
**Телефоны:** 66-15-30

**ЖШС-нің мекенжайы:**
Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143-үй.

**Редакцияның мекенжайы:**
140000, Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143-үй.
Теле/факс 66-15-30

Біздің сайт: **saryarka-samaly.kz**

Газеттің электронды поштасы: **ssamaly29@gmail.com.**
**Бас редактордың орынбасары** - 66-15-28.
**Жауапты хатшы** - 65-12-74.
**Әлеуметтік бөлім** - 66-14-64, 66-15-31, 66-15-32.
**Экономика, саясат**- 66-14-64, 66-15-28, 66-14-65.

**Жарнама бөлімі:**
smi14reklama@gmail.com
66-15-42, 66-15-40.

**Маркетинг және тарату бөлімі** - 66-15-41.

Газеттің нөмірі «Saryarqa samaly»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Газет аптасына бір рет шығады, осы нөмірдің таралымы 1924 дана, бүгінгі көлемі 8 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспаханасында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефоны: 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған уақыты 17.00.
Тапсырыс - 816

Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.
Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы
2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін.

«Saryarqa samaly»-нда жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Баспа индексі 55443.